



АГРО САЛАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ИНКЛЮЗИВТІ ДАМУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ МЕХАНИЗМІ

Т.М. Арзаева^{1*} , Б.Т. Аймурзина² , Şaban Çelik³

^{1,2}Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³Izmir Katip Celebi University, Измир, Түркия

E-mail: ¹arzaeva1984@mail.ru, ²aimurzina@mail.ru ³saban.celik@ikcu.edu.tr

Аңдатпа. Экономиканы тұрақты дамыту мақсатында аграрлық секторды қаржылай қолдауға бағытталған көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар көзделген.

Зерттеудің мақсаты – ауыл шаруашылығының негізгі даму көрсеткіштеріне қаржы құралдарының ықпалын бағалау, сондай-ақ инклюзивті даму үшін маңызды қаржылық механизмдерді анықтау.

Гипотеза – ауыл шаруашылығы саласына бағытталған қаржылық ресурстардың ұлғаюы, экономикалық белсенді халықтың үлесін арттыруға, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарын ашуға және экспорттық әлеуетті күшейтуге ықпал етеді.

Әдістері – ауыл шаруашылығы экономикасының дамуын талдау үшін статистикалық және математикалық әдістер, сондай-ақ негізгі экономикалық және әлеуметтік факторлардың оның инклюзивті дамуына әсерін бағалау үшін диалектикалық және абстрактілі-логикалық тәсілдер қолданылды.

Нәтижелер – жүргізілген талдау нәтижесінде ауыл шаруашылығының инклюзивті дамуымен байланысты экономикалық және әлеуметтік мәселелер анықталды. Осы деректер негізінде қаржы ресурстарын тиімді пайдалануды жақсартуға арналған стратегия әзірленді, бұл экономикалық белсенді халықтың үлесін арттыруға, ауыл шаруашылығы үшін қажетті ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарын ашуға және экспорттық әлеуетті арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, қаржылық ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалау үшін экономикалық және математикалық моделдеу негізінде ұсынылған әдістеме әзірленді.

Қорытындылар – авторлар ауыл шаруашылығын қаржыландыру механизмдерін жетілдіру мен экономикалық теңсіздікті азайту, жергілікті жердің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын арттырудың маңыздылығын атап өтеді.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, инклюзивті даму, қаржылық механизм, тұрақты экономика, несиелік қолдау, тұрақты даму мақсаттары, корреляциялық-регрессиялық талдау, математикалық модельдеу.

Received 19.11.2025. Revised 02.03.2026. Accepted 20.05.2026. Available online 30.06.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Ауыл шаруашылығын дамыту инклюзивтілік, қаржылық қолжетімділік және тұрақты даму мақсаттарымен үйлесімді болуы тиіс. Инклюзивтілік ауыл шаруашылығы өнімінің құн тізбегіне әртүрлі санаттағы ауыл шаруашылығы өндірушілерін (ұсақ фермерлерді, шаруа қожалықтарын) тартуға мүмкіндік береді, бұл ынтымақтастық және өзге де тетіктер арқылы ірі нарықтарға шығуға жол ашады. Бұл үдеріске ресурстар мен кірістерді бөлуде теңсіздікке жиі ұшырайтын осал топтарды (әйелдер мен жастарды) тарту, сондай-ақ ауыл шаруашылығын дамытудың инклюзивті моделін енгізу – әділетті өсім мен әл-ауқатты арттыруға, нарыққа, технологияларға және қаржыландыруға кеңірек қол жеткізуге ықпал етеді. Осының барлығы ауыл шаруашылығының тұрақты, инклюзивті және технологиялық жаңартылған дамуын қамтамасыз ететін қаржы тетігін жетілдіруді талап етеді. Ауыл шаруашылығын дамытудың инклюзивті моделін іске асыру ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің әртүрлі санаттарының кірістері мен экономикалық пайдасын арттыруды, ресурстарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді, ЖІӨ құру процесіне халықтың осал топтарын (әйелдер мен жастарды) тарту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Зерттеудің басты мақсаты – қаржы құралдарының ауыл шаруашылығының негізгі даму көрсеткіштеріне ықпалын сандық тұрғыда бағалау, ауыл шаруашылығын инклюзивті дамытуға арналған қаржылық механизмнің концептуалдық моделін әзірлеу және қаржы құралдарының тиімді қолданылуын бағалау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

1. Ауыл шаруашылығын инклюзивті дамыту бағытына түсініктеме беру;
2. Ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі көрсеткіштерін сипаттайтын статистикалық деректерді талдау;
3. Қаржылық механизмдер мен ауыл шаруашылығының инклюзивті даму көрсеткіштері арасындағы байланысты эконометрикалық әдістер арқылы анықтау;
4. Факторлар әсерінің математикалық моделін құру арқылы қаржы құралдарының саладағы жалпы өнім көлеміне әсер ету дәрежесін бағалау;
5. Ауыл шаруашылығы мен қаржы нарықтары арасындағы экономикалық байланыс моделі тұжырымдамасын әзірлеу;
6. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, ауыл шаруашылығын инклюзивті дамыту саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.

Бұл зерттеу нәтижелері тұрақты экономикалық өсім мен ауылдық аймақтарда инклюзивті даму саясатын ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді.

Аталған мақалада ауыл шаруашылығының дамуына әсер ететін қаржылық құралдарға шолу жасалып, ауыл шаруашылығы бойынша жалпы өнім шығарылымы мен оның елдегі ұлттық өнімді қалыптастырудағы маңыздылығы сараланды. Концептуалды модельдің экономикалық тиімділігін бағалау және аграрлық сектордың тұрақты дамуына қаржы механизмдерінің әсер ету деңгейін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Статистика бюросы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі базасында жарияланған деректер негізінде эконометрикалық әдістерді қолдану арқылы факторлық талдау жасалып, нәтижесі есептеу әдістемесімен қоса ұсынылды. Мақала аясында қаржы нарықтары, ауыл шаруашылығының даму перспективалары мен тұрақты даму мақсаттары арасындағы байланысты көрсететін тұжырымдамалық модель ұсынылады. Бұл модель ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған қаржы саясатын қалыптастыруға негіз бола алады.

Әдебиетке шолу

Жаһандық даму саясатында басты назарға ілігіп отырған мәселе – тұрақты даму негізінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Аталған мақсат ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту мен азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізуге бағытталған БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарында (SDG 2) айқындалған. Алайда, жеткілікті қаржылық қолдаусыз мақсатқа жету мүмкін емес, әсіресе, бұл ұсақ фермерлерді қаржылық қолдауды қажет етеді. БҰҰ тарапынан SDG 2-ге қол жеткізу мақсатында ауыл шаруашылығы өндірісі мен ұсақ фермерлер табыстарын екі еселеу, аграрлық нарықтар қызметін жақсарту, ауыл шаруашылығына және онымен байланысты жүргізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарына, технологияларға, инфрақұрылым желілеріне инвестиция тартуды арттыру сияқты бірқатар шаралардың іске асырылуы қажеттілігі алға қойылды.

Осыған байланысты, ауыл шаруашылығын инклюзивті дамытуға негізделген концептуалдық тұжырымдама ұсыну экономикалық тиімділікке ұмтылу мен жаңа жұмыс орындарының ашылуына, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы мен экожүйелердің сақталуына бейімделген. Ауылдық секторды инклюзивті дамыту моделінде халықаралық қаржы корпорациясы (IFC, 2012) кедергі деп белгілеген басты мәселелер қатарында маусымдық жұмыс, кепілдің болмауы, трансакциялық шығындар, банк тарапынан басымдылыққа ие өңірлерге тартылатын қаржы ағыны, өсімдік және мал шаруашылығы салаларындағы нақты қиындықтар кездеседі. Бірақ қаржылық инклюзия тұрғысынан қызмет көрсетілмеген ауыл халқы банк нарығындағы контингенттің едәуір бөлігін құрай алатындықтан, қаржы – адами капитал – экоресурс арасында жүйелік байланыс ұйымдастыру арқылы ауыл шаруашылығын инклюзивті дамытуды қалыптастыруға болады.

«Ауыл шаруашылығын инклюзивті дамыту» түсінігінің мәні туралы өз зерттеулерінде R. Samans, J. Blanke, M. Drzeniek, G. Corrigan халықтың өмір сүру жағдайын мейлінше жақсартып отырып, материалдық және материалдық емес игіліктерді қоғамда әділетті түрде теңдей бөлуді білдіреді десе, Е.Ф. Авдокушин, В.Н. Иванова, Н.В. Пахомова, К.К.Рихтер, Г.Б. Малышков сияқты ғалымдар өңірлік тұрғыда бұл түсінік халықтың әлеуметтік дамуын қатар жүретін тұрақты экономикалық даму үдерісі деп тұжырымдады. Бұл экономикалық ұғымның мағынасы Нобель сыйлығының лауреаттары Дэрон Аджемоглу мен Джеймс Робинсонның 2012 жылы жарық көрген «Бай елдер мен кедей елдер» (Why Nations Fail: The Origins of Power, Prosperity, and Poverty) атты еңбегінде қарастырылады. Авторлар экономиканың тұрақты дамуы үшін инклюзивті институттар құрудың қажеттілігі мен оған қол жеткізудің мүмкіндігін түсіндіреді. Олар бұл мақсатқа ауыл шаруашылығын дамытудың кешенді бағдарламаларын әзірлеу және оны жүзеге асыру арқылы қол жеткізуге болатынын атап көрсетеді (Popodko et al., 2024).

FAO мен UNDP (БҰҰДБ) мәліметтеріне жүгінсек, ауылдық өңірлерді трансформациялау Тұрақты даму мақсаттарына жетудегі маңызды қадам ретінде көрсетіледі деп есептеледі. Азия Даму Банкінің жүргізген зерттеулерінде кедейлікті азайту қарқыны тек жалпы экономикалық өсім деңгейіне ғана емес, осы өсімнің пайдасы түрлі экономикалық категориялар арасында қалайша бөлінетіндігіне байланысты деген қорытынды жасалады (Ali & Zhuang, 2007). Бұл контексте ауыл шаруашылығын қолдаудың қаржылық құралдарының қолжетімділігіне де байланысты, экономикалық-әлеуметтік сипаттамаларды беретін көрсеткіштер кешенін талдау маргиналды топтардың агроөндірістік тізбекке қатысу деңгейі сипатталады.

Ғылыми зерттеулер мен халықаралық ұйымдар (FAO) деректері көрсеткендей, ұсақ шаруалар мен ауыл шаруашылығы субъектілерінің нарыққа шығу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған инвестициялар маңыздылығы зор. Себебі бұл инвестициялық қолдаулар құн тізбегі бойындағы қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл шығындарын азайту мен нарықтық, экономикалық тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді. FAO 16 мемлекетте Инклюзивті бизнес модельді (IBM) сынақтан өткізді, бұл нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және сыртқы инвестицияларды тарту әлеуетін жақсартуға бағытталды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын инклюзивті дамытуда құн тізбегіне қатысушы экономикалық субъектілердің қаржылық сауаттылықтарын арттыру барысындағы білім мен дағдыларды жетілдіру шаруалардың қаржы институттарымен өзара қарым-қатынасын жеңілдетеді. Бұл микронесие, сақтандыру және электрондық төлем жүйелеріне қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді деген қорытындыға келді. Нәтижесінде, қаржылық тұрғыда сауатты ауыл шаруашылығы субъектілері өндіріс тұрақтылығын қамтамасыз етіп, құн тізбегінің барлық буындарында тиімді әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың аспектілерін сипаттайтын Two-way fixed effects, модераторлық эффект және шекаралық регрессия моделін құру (Li et al., 2024) арқылы ауыл шаруашылығындағы жасыл кооперативтерді сандық қаржыландыру нәтижесінде ұсақ фермерлердің қаржылық қолжетімділіктерін арттыруға болады. Агросектордағы адами капитал білімі мен дағдыларының болуы сандық қаржыны тиімді пайдалану арқылы жасыл технологияларды өндіріске жылдам енгізуге ықпал етеді. Нәтижесінде экологиялық зиян мөлшерін азайтуға және инвестициялық саясатты оңтайлы ұйымдастыру арқылы көміртегі шығарындыларын азайтатын экологиялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беріліп, экономиканың бірқатар салаларындағы проблемалар шешімін табады.

Құн тізбегін қаржыландырудың инклюзивті моделін құруда (Săvescu, 2024) шаруашылыққа қажетті жабдықтар мен өнімдерді жеткізу тізбегін құру арқылы сыртқы қаржыландыру механизмін қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, Referral program моделі қаржы институттарының ауыл шаруашылығына қажетті жабдықтарды сатушылар арқылы клиенттерге бағыттауды қамтамасыз етеді. Бұл модель бойынша ауыл шаруашылығында өнім өндірісіне қатысушылар несие алу рәсімін техника сатушы арқылы жүзеге асырады. Risk sharing моделі ірі жабдықтарды беру арқылы ауыл шаруашылығын қаржыландыруда тәуекелдерді дилерлермен бөлісу схемасын ұсынады. Егер өндіріс сәтсіздікке ұшыраса, жабдықты сатушының қайта сатып алу мүмкіндігі қаржылық қайтарымдылыққа қатысты тәуекелді азайтуға мүмкіндік береді. Мұның нәтижесінде, берілген несиелік қолдаудың қайтарымдылығы өндірілген өнімді сатудан түскен табыстан автоматты ұсталатын кері байланыс жүйесі ретінде сипатталады.

Ауыл шаруашылығы табысының тұрақтылығын күшейтетін тиімді механизмдерді зерттеу үшін статистикалық-математикалық талдауды қолдану арқылы ауыл шаруашылығын инклюзивті дамытудың концептуалды моделін қалыптастыруға болады. Осы бағытта оңтайлы саясатты жүзеге асыру үшін жүйенің тиімді жұмысын сипаттайтын модель құру маңызды. Аймақтардың экономикалық жағдайын талдауда 2018 жылғы қаңтарда Давоста өткен Халықаралық экономикалық форумда ғалымдар ұсынған Инклюзивті даму индексі (Inclusive development index) пайдалану ел экономикасының әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуіне және өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді (Zavodskikh, 2020).

Экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде ауыл шаруашылығын инклюзивті тұрғыда дамытуды кешенді ұйымдастыру қажет. Осы мақсатта жүзеге асырылатын шаралар қатарында ұсақ шаруа қожалықтарының экономикалық және әлеуметтік даму нәтижелерін жақсарту мақсатында ауыл шаруашылығын қарқынды дамытуға бағытталған ғылыми-зерттеу жобаларына инвестиция тартудың маңызы зор (Merritt et al., 2022).

Қазіргі таңдағы цифрлық трансформация жағдайында ауыл шаруашылығын жаңғырту мәселесіне арналған қытайлық зерттеушілердің (Yan et al., 2025) еңбектерінде урбандалудың үдеуі, ауыл халқының қартаюуы және еңбек қолының жетіспеушілігі жағдайында қытай ауылдарын механикаландыру азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратындығы айтылады. Дәстүрлі қаржы институттары ұсақ фермерлер мен агросервистік ұйымдарға жеткілікті қолдау көрсете алмайтындықтан, технологиялық жаңашылдықтар енгізу арқылы ауыл шаруашылығына инвестиция тарту мүмкіндігі артады. Осылайша, цифрлық қаржылық инклюзияны дамыту арқылы тұрақты бағытта дамуға қол жеткізуге болады.

Фермерлік шаруашылықтар табысын максималдауда фермерлік инновация моделін дамыту (Nain et al., 2024) үндістандық фермерлер бастамасымен өз кәсібінде инновация енгізу арқылы табысты арттыруға бағытталған шаруалар әрекеттерді сипаттайды. Бақылауға алынған үш бірдей ауылда жаңашыл технологияларды енгізудің тиімділігі, сынақтан өткізу жолдары және қол жеткізген нәтижелер ауыл шаруашылығында енді бой көрсетіп келе жатқан фермерлерді оқытуда тәжірибемен бөлісу және оңтайлы нәтижені бүкілаумақтық қолдануға ұсыну сияқты жүйелі үлгі WhatsApp қарапайым цифрлық платформасында ұсынылады. Енгізілетін инновацияларды ғылыми тұрғыда тексеру, ауқымдылығын бағалау, тәжірибе алмасу және мемлекеттік қолдау сияқты қадамдар қамтылып, көпжақты серіктестіктікке ие болған фермерлер бастамасы ауыл кәсіпкерлігін дамытуға ықпал етеді.

Ауыл шаруашылығын инклюзивті қаржыландыру ауылдық аймақтың орналасуы мен ерекшелігіне қарай жүйелі түрде қарастырылуы қажет. Ауыл шаруашылығының өнеркәсіптік құрылымын жаңарту деңгейінен бастау алған қытайлық зерттеушілер еңбегінде (Zhang et al., 2024) сандық инклюзивті қаржыландырудың ауыл шаруашылығын модернизациялаудағы оңтайлы әсері факторлық талдау нәтижесінде алынған

шамаға сәйкес маңызды оң әсер көрсететіні дәлелденді. Соған байланысты, инклюзивті қаржыландыруды жергілікті жағдайға сәйкес дифференциалды түрде енгізу, ауыл шаруашылығын дамыту стратегияларын әзірлеу және өңірлер арасындағы ынтымақтастықты күшейтумен тиімді. Инклюзивті қаржыландыруды цифрлық форматта жүргізудің ауыл шаруашылығын сапалы дамытуда әсерін Қытайдың ауылдық аймақтары мысалында айқындалды (Li et al., 2024), мұнда өндірістік жағдай, ауылдық адами капитал, индустриялық құрылым, урбандалу және мемлекеттік қолдау факторлары эконометрикалық әдіспен оң бағаланды.

Отандық ауыл шаруашылығын зерттеушілер (Shalbolova et al., 2025) өнімділікті арттыру және әлемдік сұраныстың өсуі жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде цифрландырудың маңыздылығын атап өтеді. Саладағы негізгі кедергілерге инфрақұрылымның әлсіз дамуы, цифрлық дағдылары бар мамандардың жетіспеушілігі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға (АКТ) инвестициялардың жеткіліксіздігі және бизнесте цифрлық технологиялардың әлеуетін толық пайдаланбау жатады. Авторлар цифрлық трансформацияға мемлекеттік қолдауды күшейтуді, білім беру бағдарламалары мен тренингтер арқылы фермерлердің кадрлық әлеуетін дамытуды, сондай-ақ инновациялық шешімдерді енгізу үшін мемлекеттің, бизнестің және халықаралық ұйымдардың әріптестігін кеңейтуді ұсынады.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперациясының қазіргі жағдайы және оның агроөнеркәсіптік кешенді дамыту әлеуетін қарастыруда авторлар (Abdykaliyeva et al., 2021) ауыл шаруашылығы өндірушілері арасындағы кооперативтік интеграция өндіріс тиімділігін арттыруға, бәсекелестікті кеңейтуге және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететінін атап өтеді. Дегенмен, шағын шаруашылықтар арасындағы интеграцияның төмен деңгейі, кооператив қатысушылары арасындағы әлсіз үйлестіру және қаржы ресурстарына шектеулі қолжетімділік сияқты қиындықтар бар. Зерттеуде ауыл шаруашылығы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін құқықтық базаны жетілдіру, кооперативтерге мемлекеттік қолдауды күшейту және өндірушілер мен қайта өңдеушілер арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеу сияқты шаралар ұсынылады.

Қазақстандық фермерлер шаруашылығына зерттеу жүргізуде тағы бір отандық зерттеушілер еңбегінде (Siximbayeva et al., 2025) ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек өнімділігі салаға бөлінетін несие мен субсидиялауға тікелей байланысты екені көрсетілген. Зерттеушілер аграрлық сектордың тұрақты дамуы үшін қаржы құралдарына қол жеткізу үрдістерін жеңілдету қажет деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің инновациялық дамуын мемлекеттік реттеу тетігін зерттеушілер (Madiyev et al., 2025) оны экономиканы әртараптандыру, техникалық-технологиялық әлеуетке қол жеткізу, азық-түлік қауіпсіздігі және салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру сияқты стратегиялық міндеттерді іске асырудың негізгі құралы ретінде қарастырады. Авторлар отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамытудың және басқаруды орталықтандыру, инновациялық бағдарламалар мен эксперименттік жобаларға жағдай жасайтын ауыл шаруашылығы туралы жаңа заңды әзірлеу арқылы реттеу жүйесін реформалаудың шешуші рөлін атап көрсетеді.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін шикізаттық модельден өңдеуші өнеркәсіптік экономикаға көшіруді мақсат тұтқан еліміздің ауыл шаруашылығын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасы аясында ауыл халқын жұмыспен қамтуды арттыру, шикізат базасын нығайту, инфрақұрылымды жаңарту, агроөндірісті қаржылық қолдау, ғылыми-ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу үлесін арттыру мен экспорт әлеуетін күшейту көзделген.

Зерттеу әдістері

Ауыл шаруашылығын инклюзивті дамыту қаржы құралдарының тиімділігі мен қолжетімділігіне тікелей байланысты. Осыған орай, ауылдық аймақтардағы қаржылық тетіктердің аграрлық секторға әсерін сандық түрде бағалау – ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту саясатын ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде агросектордың дамуын сипаттайтын факторлар динамикасы жинақталып, көрсеткіштердің даму тенденциялары талданды.

Сандық деректерді өңдеу кезеңінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі сайттарында кезеңдік жарияланатын деректер базасынан алынған 2003-2025 жылдар аралығында ауыл шаруашылығына қатысты әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің динамикалық қатарлары қолданылды.

Сандық деректер негізінде графиктер келтіріліп, ауыл шаруашылығы саласында өндірілген жалпы өнім көлеміндегі өзгерістер талданды. Аталған көрсеткіштердің экономикалық дамуға қосқан үлесі кезеңдер бойынша бағаланып, алынған нәтижелерге экономикалық әсер тұрғысында талдаулық түсіндірмелер жасалды.

Ауыл шаруашылығы дамуының факторлық талдауы статистикалық әдістер көмегімен, оның ішінде корреляциялық-регрессиялық модель құруда қолданылатын SPSS бағдарламасында жүргізілді. Алынған нәтижелер негізінде талдау жасалды.

Келесі кезеңде қаржы нарықтары мен ауыл шаруашылығы арасындағы өзара байланысты бейнелейтін сызба түріндегі концептуалды модель құрылды. Бұл модель қаржы институттары бөлетін ресурстары, мемлекеттік қолдау және ауыл шаруашылығындағы өндіріске жұмылдырылатын факторлар арасындағы өзара байланыстарды жүйелі анықтауға мүмкіндік береді.


Субсидиялау бағдарламасының іске асырылуы туралы «Даму» қорының 2025 жылғы 1 қарашадағы ағымдағы кезеңге арналған есебі негізінде қаржылық қолдауға жалпы өтінім берген кәсіпкер әйелдер үлесі анықталып, өңірлер бойынша көрсеткіш графиктерде көрініс тапты.

Зерттеудің келесі сатысында ауыл шаруашылығын инклюзивті дамытудағы қаржылық механизмдердің әсерін бағалау мен қаржы салымдарының нәтижелерін болжау мақсатында математикалық модельдеу әдістері қолданылды. Модельдеу қаржы ресурстарының нәтижелік факторға әсерін анықтауға, болжалды кезеңдегі мәнін есептеуге және инклюзивті тиімділігін бағалауға негізделді.

Пайдаланылған әдістер ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуда әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерін анықтауға, қаржы құралдарын тиімді қолдануды саладағы әлеуметтік проблемаларды шешу мақсатында бағыттауға, сондай-ақ өңірлер бойынша болжалды кезеңге арналған саладағы жалпы өнім көлемін болжауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау


Ауыл шаруашылығы саласының даму тенденциясына шолу жасайтын болсақ, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласында өндірілген жалпы өнім көлемінің 2003-2025 жылдар аралығындағы ұзақ мерзімді даму тенденциясы бойынша шамамен 16 есеге артқаны байқалады (1, 2 - сурет).



Сурет 1 – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің
(қызметтерінің) жалпы шығарылымы (2003-2012 жж.), млн тг

Ескерту: авторлармен құрылды

Көрсетілген аралықта ауыл шаруашылығында орын алған қолдаулардың өндіріс көлемінің артуына ықпал еткендігі байқалады. Өнім бағаларының құбылуы, жанармай және басқа да шығындардың қымбатқа соғуы, жыл ішіндегі ауа райының қолайсыз болуы және логистикалық қиындықтар 2023 жылы агросаладағы өнім шығарылымын 9%-ға азайтып, 7 576 533,7 млн тг құрады. Қысқа мерзімді ауытқудан кейін секторда өндірілген өнім көлемі 2024 жылы тұрақты өсу қарқынға қайта жетіп, көрсеткіш 8 310 976,7 млн тг көлеміне көтерілді және 2025 жылғы бұл көрсеткіш 9 818 275, 5 млн тг құрап, қарастырылып отырған уақыт кезеңіндегі ең жоғары мәнге жетті.



Сурет 2 – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы (2013-2025 жж.), млн тг

Ескерту: авторлармен құрылды

Ауыл шаруашылығы басқа да секторлар сияқты елдегі жалпы өндіріліп отырған өнім көлемінің артуына үлкен үлес қоса алады. Алайда, зерттелген кезең аралығында Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының ЖІӨ-дегі үлесі 2003 жылы 13,3%-ды, 2010-2015 жылдар аралығында 8-8,4%-ды, 2020 жылы 9%-ды және соңғы жылдары 6,1%-ды құрап отыр. Бұл сала дамуына экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторлардың өзіндік әсерінің нәтижесінде орын алатын өзгерістермен сипатталады.

Ауыл шаруашылығы саласындағы жоғары өнім көрсеткішінің қалыптасуы осы салаға көрсетілген қаржылық қолдау нәтижесінде орын алады. Сала секторларына қаржы ресурстарының бөлінуі, әсіресе, тиімді қаржы құралдарын тарту ауылдық аймақтарда шағын кәсіпкерліктің дамуына, жұмыс орындарының ашылуына байланысты жастардың ауылда қалуына, саламен өзара байланысты салааралық секторларының дамуына да жол ашады. Бұл, өз кезегінде, ауыл халқының әл-ауқатын жақсартып, экономикалық-әлеуметтік тұрғыда өңірдің әлеуетін арттырады және ауыл шаруашылығының жекелеген секторларына қаржы ағынын қамтамасыз етеді. Осы орайда, экономика дамуының басты көрсеткіші – ЖІӨ мен агросала бойынша оның құраушысына тікелей әсерін қарастыру мақсатында корреляциялық-регрессиялық талдау жүргізуге 2003-2025 жылдар аралығындағы сандық деректерді қамти отырып, мынадай индикаторлар іріктеп алынды:

1. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн теңге;
2. Ауыл шаруашылығындағы шағын бизнеске екінші деңгейлі банктерден берілген несиелер, млн теңге;
3. Екінші деңгейлі банктерден экономикаға бөлінген несиелер, млн теңге;

4. Ауылдың жұмыспен қамтылған халқы (15-34 жас аралығында), мың адам;
5. Ауылдың жұмыссыз халқы (15-34 жас аралығында), мың адам;
6. Жалпы егістік алаңы, мың гектар;
7. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі, гектарына центнер;
8. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өндірген тірі салмақтағы ет (ірі қара және тауық еті), мың тонна;
9. Өнімдерге салынатын салықтар, млн теңге;
10. Азық-түлік пен импортқа бөлінген субсидиялар, млн теңге;
11. Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн теңге.

Пирсонның жұптық корреляция матрицасы үлгісінде құрылған модельден негізгі экономикалық және ауыл шаруашылық көрсеткіштер арасындағы өзара күшті байланыс байқалады. Агросектор дамуы макроэкономикалық және қаржылық көрсеткіштермен тығыз байланысты екенін анықталды. Алынған корреляция коэффициенттері бойынша, субсидиялар ($r = 0,983$) мен инвестициялардың ($r = 0,992$) ЖІӨ мен ауыл шаруашылығы саласында шығарылатын жалпы өнім көлемінің айтарлықтай өсуіне оң және күшті әсер етсе, ал ауылдық жұмыссыз жастардың ($r = -0,801$) көбеюі тәуелді көрсеткішке кері әсерін тигізеді. Талдау көрсеткендей, ауыл халқы ішінде жұмыссыздық көрсеткішінің артуы экономикалық өсімнің негізгі қозғаушы күштері болып табылатын қаржы құралдарын мақсатты іске асыруда белсенділіктің төмендеуіне алып келеді.

Ауыл шаруашылығы экономикасының дамуын талдау кезінде себеп-салдарлы байланыстарды бағалау мен сандық болжам жасау құралы ретінде төменде ұсынылған регрессиялық модель (1-кесте) қолданылды. Бұл модель ресурстарды тиімді бөлуге, экономикалық саясаттың басым бағыттарын жоспарлауға және ауыл шаруашылығын инклюзивті дамытудың стратегияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 1 –Қазақстан Республикасының ЖІӨ және әлеуметтік-экономикалық факторлар арасындағы байланыстың регрессиялық моделі

Тәуелді айнымалы: ЖІӨ (GDP)

Coefficients					
Model		Unstandardized Coefficients		Standardized Coefficients	t
		B	Std. Error	Beta	
	(Constant)	25334767	7876527		3,22
	Investments in fixed assets, million tenge	3,223	,281	,459	11,47
	Taxes on products, million tenge	2,194	,502	,161	4,37
	Subsidies on food and imports, million tenge	106	12	,377	8,95
	Employed population of the village (aged 15-34 years), a thousand people	8941	2852	,040	3,13
	Total adjusted sown area, thousand hectares	-2042	430	-,110	-4,75
	Loans to the economy from second-tier banks, million tenge	,740	,204	,129	3,63

a. Dependent Variable: Gross domestic product, million tenge

Ескерту: кесте SPSS бағдарламасында құрылды.

Кестеде келтірілген сандық деректерді регрессиялық өңдеу барысында талдауға 6 айнымалы іріктеліп алынды. Көптік регрессияға құрылған модель үлгісі келесідей сипатта:

$$GDP = \beta_0 + \beta_1(\text{Негізгі капиталға салынған инвестиция}) + \beta_2(\text{Өнімге салынатын салық}) + \beta_3(\text{Азық-түлік пен импортқа салынған салық}) + \beta_4(\text{15-34 жас аралығындағы жұмыспен қамтылған ауыл халқының саны}) + \beta_5(\text{Егістік алаңы}) + \beta_6(\text{Экономикаға бөлінген несие}) + \varepsilon$$

Келесі кезеңде көптік регрессия факторларын талдау барысында алынған мәндер бойынша жекелеген түрде талдау жасайық:

1) Негізгі капиталға салынған инвестициялар (Investments in fixed assets):

Коэффициент $B = 3,223$; $p < 0,001$

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар көлемі 1 миллион теңгеге артқан жағдайда ЖІӨ көлемі 3,223 миллион теңгеге өседі (*басқа факторлар мәні өзгеріссіз сақталған жағдайда*) деген тұжырымды береді.

Бұл, өз кезегінде, экономикалық өсімнің, өндіріс қуатының артуына және экономика дамуын ынталандырудың қозғаушы күші екенін растайды.

2) Өнімдерге салынатын салықтар (Taxes on products)

Коэффициент $B = 2,194$; $p < 0,001$

Азық-түлік салықтарының 1 миллион теңгеге өсуі еліміздің ЖІӨ көлемінің 2,194 миллион теңгеге өсуімен қатар жүреді.

Салық түсімдерінің бұлай өсуі өндіріс көлеміне оң әсер ететін іскерлік белсенділік пен жиынтық сұраныс көлемінің артқанын білдіреді.

3) Азық-түлік пен импортқа бөлінген субсидиялар (Subsidies on food and imports)

Коэффициент $B = 106$; $p < 0,001$

Азық-түлік пен импортқа бөлінген субсидиялар көлемін 1 миллион теңгеге арттырған жағдайда, бұл ЖІӨ көлемін 106 миллион теңгеге толықтырады. Бұндай жоғары сезімталдық әсер экономикалық белсенділікке алып келеді, әсіресе, ауыл шаруашылығы мен сауда-саттық саласында қарқынды еңбек үдерісін қамтамасыз етеді.

4) 15-34 жас аралығындағы жұмыспен қамтылған ауыл халқының саны (Employed population of the village (aged 15-34 years))

Коэффициент $B = 8941$; $p = 0,007$

Ауылдық жерлердегі жұмыспен қамтылған жастар санының 1000 адамға артуы ЖІӨ көлемін 8,941 миллион теңгеге арттырады. Бұл дегеніміз, жастарды ауыл шаруашылығы саласына тарта отырып, олардың экономика өсуіне етене аралуын және сәйкесінше өнімділікті арттыруға айтарлықтай үлес қоса алатынын білдіреді.

5) Жалпы егістік алаңы (Total adjusted sown area)

Коэффициент $B = -2042$; $p < 0,001$

Алынған теріс мән егістік алаңын 1 мың гектарға ұлғайтқандағы ЖІӨ-ге түсетін кіріс көлемінің 2,042 миллион теңге көлемінде азайып қалуы мүмкін шамасын көрсетуде. Бұл әсер жерді пайдаланудың төмен тиімділігін көрсетуі мүмкін, яғни еңбек өнімділігі мен технологияның тиісті өсуінсіз егістік ауданын үлкейтудің егін егілетін аудан бірлігіне келетін кірістің төмендеуіне әкелетінін білдіреді.

6) Екінші деңгейлі банктерден экономикаға бөлінген несиелер (Loans to the economy from second-tier banks)

Коэффициент $B = 0,740$; $p = 0,003$

Экономикаға бөлінген несиелердің 1 миллион теңгеге өсуі ЖІӨ-нің 0,74 миллион теңгеге өсуімен

байланысты. Бұл банк секторы тарапынан бизнес пен тұтынушыларды қаржыландыру арқылы экономикалық белсенділікті ынталандырудағы оң рөлін растайды.

Жүргізілген регрессиялық талдау нәтижесіне сәйкес барлық факторлар (егістік алқабынан басқа) ЖІӨ мәніне оң және статистикалық тұрғыдан мәнді әсерге ие екені анықталды. Қаржылық қолдау көлемінің артуы экономиканың, ауыл шаруашылығындағы өндірістің ұлғаюына, сондай-ақ ауыл шаруашылығын инклюзивті дамыту мақсатында бюджеттік және кадрлық саясатты оңтайлы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Егістік алқабының аумағының артуы ақшалай түсімнің кемуін көрсету себебі заманауи технологиялар енгізу арқылы ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемін сандық емес сапалық жағынан дамыту қажеттілігін айқындайды.

Корреляциялық-регрессиялық модель құру әдісі экономиканың басты саласы – ауыл шаруашылығын инклюзивті дамыту стратегиясын жоспарлауда экономикалық процестердің өзара байланысын терең түсінуге және тиімді саясат шараларын әзірлеуге және іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер ауыл шаруашылығын инклюзивті дамытудың қаржылық қолдау механизмінің ауыл шаруашылығы өндірісінің көлеміне, саладағы жұмыспен қамту деңгейіне және өңдеуші сектордың дамуына ықпалын бағалауға жағдай жасайды.

Ауыл шаруашылығының дамуына әсер ететін факторлардың тағы бірі – саладағы кәсіпкер әйелдер. Ауыл шаруашылығын инклюзивті дамытуда кәсіпкер әйелдердің бастамашылық етуі мен қаржылық қолдау табу мәселесін де қарастыру маңызды. Бұл ретте, салаға бөлінген қаржылық құралдарға ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкер әйелдер қаншалықты қол жеткізгенін жалпы көрсеткіштегі оның үлестік шамасын анықтау арқылы біле аламыз.

Әйелдердің қаржылық қолдауға ие болу деңгейін «Даму» қорының «Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы, басым жобаларды несиелеу мен қаржылық лизинг беру механизмі, бірыңғай кешенді бағдарлама шеңберінде 2025 жылы жеке кәсіпкерлерге бөлінген субсидиялау бағдарламасы бойынша есебінде (damu.kz) көрсетілген.

Әйел кәсіпкерлердің қаржылық қолжетімділік үлесі ауыл шаруашылығында қаржылық механизмдердің қаншалықты инклюзивті екенін бағалауға мүмкіндік береді:

$$W_f = \frac{F_{wf}}{\sum F_f} 100\% \quad (1)$$

Мұндағы:

W_f – қаржылық қолдауға ие болғандардың ішіндегі әйел кәсіпкерлер үлесі;

F_{wf} – қаржылық қолдауға ие болған а/ш-дағы әйел кәсіпкерлер саны;

$\sum F_f$ – қаржылық қолдауға ие болған барлық жеке кәсіпкерлер саны.


«Даму» қоры ұсынған қаржылық қолдау шеңберіндегі 2025 жылғы 1 қарашадағы есебінің негізінде ағымдағы жылы жалпы экономиканың барлық салалары бойынша еліміздің барлық өңірлерінен субсидия иеленген кәсіпкерлер арасында кәсіпкер әйелдердің басым бөлігі теңдей үлеске ие болғанымен (Түркістан мен Солтүстік Қазақстаннан басқа өңірлер), нақты сектор бойынша бұл көрсеткіш күтілген нәтижеден төмен. Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша жалпы субсидиялық қолдауға өтінім берген кәсіпкерлер ішіндегі әйелдердің үлесі (3-сурет) Ақмола (53%), Атырау (55%), Жетісу (51%), Қызылорда (56%), Павлодар (53%) облыстары және Шымкент (53%) қаласы бойынша басымдылыққа ие. Орташа үлесті Абай, Ақтөбе, Алматы, БҚ, Жамбыл, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстары мен Астана және Алматы қалаларында 40-50% көлемінде қамтиды. Солтүстік Қазақстан (25%) және Түркістан (38%) облыстарына төмен үлес көлемі тиесілі.



Сурет 3 – Қаржылық қолдауға ие болғандар ішіндегі әйелдердің үлесі, %.

Ескерту: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (damu.kz) 01.11.2025 ж. есебі негізінде авторлармен құрастырылды

Соның ішінде, ауыл шаруашылығы саласында субсидиялық қолдауға Абай облысынан 4 (6,4%), Жамбыл облысынан 1 (4,5%), Қызылорда облысынан 1 (1,2%), Түркістан облысынан 1 (0,9%), Ұлытау облысынан 2 (8,9%) және Шымкент қаласынан 1 (1,2%) әйел кәсіпкер қол жеткізген (4-сурет). Ал басқа өңірлер бойынша ауыл шаруашылығы саласы бойынша субсидия алған әйелдер мүлде жоқ.



Сурет 4 – Ауыл шаруашылығы саласында субсидияға қол жеткізгендер ішіндегі әйел кәсіпкерлер саны, адам.

Ескертпе: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (damu.kz) 01.11.2025 ж. негізінде авторлармен құрастырылды

Республика өңірлері бойынша бар-жоғы 6 аймақтан 10 кәсіпкер әйел субсидия алуға іліккен. Мұндай жағдай қаржылық құралға өтінім берген фермерлік шаруашылықтардың банк талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты болуы мүмкін. Бұған себеп ретінде табыс тұрақсыздығы, жеткілікті кепілдің жоқтығы, құжаттаманың толық болмауы мен бағдарлама мақсатына сай келмеуі сияқты факторлар аталады. Осы орайда, өңірлер ерекшелігін және ондағы өндіріс қажеттілігін ескере отырып, жаңа кәсіп көздерін ашуға бастама болатын экономикалық белсенді халықты тартуымен өңірдің стратегиялық бағыты нақтылануы қажет. Ауыл шаруашылығын инклюзивті дамытудың қаржылық механизмдерін тұжырымдау барысында математикалық модельдерді қолдану экономикалық және қаржылық салада шешім қабылдауды жеңілдетіп, стратегиялық жоспарлауға негіз болады.

Ауыл шаруашылығын инклюзивті дамыту бағытында қолдануға болатын математикалық модельдердің ішінде экспоненциалды өсу моделі ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін бірнеше жылға алдын ала есептеуге мүмкіндік береді. Сол сияқты аймақтарға қаржы ресурстарының теңдей, тиімді бөлінуін жүзеге асыру мен өңірлердегі өнім көлемінің арасындағы байланысты анықтау мақсатында қаржы құралдарының әсер ету коэффициентімен сипатталатын қаржының инклюзивті тиімділік моделін (2-кесте) қолдануға болады.

Кесте 2 – Өңірлер бойынша ауыл шаруашылығының көрсеткіштері (2024 ж.)

Өңірлер	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы (У), млн теңге	Ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар (І), млн теңге	Аймақтар бойынша ауыл шаруашылығына берілген екінші деңгейлі банк несиелері (С), млн теңге
Ақмола	972 000,3	71 832,2	2 258
Ақтөбе	368 091,6	14 879,2	3 173
Алматы	674 951,6	28 884,8	1 050
Атырау	122 353,0	7 521,2	2 793
Батыс Қазақстан	293 648,1	25 468,5	2 972
Жамбыл облысы	473 324,4	17 390,4	9 920
Қарағанды	476 950,7	26 382,4	3 294
Қостанай	752 085,5	72 575,6	4 854
Қызылорда	223 959,0	13 741,8	5 174
Маңғыстау	35 569,8	-	1 492
Павлодар	472 638,5	85 011,3	4 670
Солтүстік Қазақстан	939 165,0	121 082,9	1 059
Шығыс Қазақстан	462 560,9	35 303,9	2 700
Астана қ.	1 529,1	-	2 355
Алматы қ.	7 521,6	552,7	8 394
Шымкент қ.	52 649,9	4 479,4	7 177
Түркістан	1 014 395,2	157 574,9	3 317
Жетісу	436 327,4	17 469,4	4 049
Ұлытау	68 055,6	2 273,3	808
Абай	463 199,5	35 134,3	4 098

Ескерту: кесте Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика Бюросы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мәліметтері негізінде авторлармен құрастырылды

Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша ауыл шаруашылығы саласының экономикалық даму көрсеткіші сипатталған мәліметтердің сандық жиынтығы (2-кесте) өңірлер бойынша агросектор өнімінің жалпы қарқынын сипаттайды. Ірі өндіріс көлемі шоғырланған аймақтар (Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстары) мен ауыл шаруашылығы өнімінің аз көлемі байқалатын өңірлер (Ақмола, Алматы, Жамбыл облыстары), сондай-ақ республика бойынша төмен өндіріс көлемін көрсетіп отырған қалалық аймақтар (Астана, Алматы қалалары) көрсеткіштерін негіз ала отырып, ауыл шаруашылығын инклюзивті дамыту моделін құру мақсатында бірнеше модель үлгісінде болжалды есептеулер жүргізуге болады.

Капитал қайтарымдылығы (қаржының тиімді жұмсалыу моделі).

